

Педагог-психологтың 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаты: білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушыларды психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.